



Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Медициналық орталығының
«Санитариялық-эпидемиологиялық
сараптама орталығы»
директорының
2024 жылғы « 17 » 10
№ 170-0 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

БІЛІКТІЛІКТІ ТЕКСЕРУ ПРОВАЙДЕРІНІҢ БЕЙТАРАПТЫҚ

САЯСАТЫ

II – 12

Келісілді:

Лауазымы

Директордың ұйымдастыру-өндірістік
қызмет жөніндегі орынбасары

Зертханалық зерттеулердің сапа
менеджменті департаментінің
директоры

Әзірлеген

Аты-жөні

Г.Е. Нусупбаева

Қолы

Күні

16.10.24

А.А. Раймбекова

16.10.24

Сапа жөніндегі менеджер

Д.С. Мукитанов

16.10.24

Астана қаласы



Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) біліктілікті тексеру провайдерінің (бұдан әрі – БТП) қызметтерін көрсету кезінде бейтараптық саясатын жүргізеді.

Кәсіпорынның БТП бейтараптылық туралы саясатты іске асыру кезінде мынадай ережелерді басшылыққа алады:

- барлық өтініш берушілермен (Тапсырыс берушілермен және БТ бағдарламаларына қатысушылармен) қарым-қатынаста бірдей тәсілдер қолданылады;

- біліктілікті тексеру провайдерінің қызметтерін көрсету кезінде Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы бейтараптық туралы өтінішке қол қоя отырып, БТ бағдарламаларын ұйымдастыруға және БТ бағдарламаларына қатысушылардың жұмыс істеуін бағалау нәтижелеріне қатысты бейтарап болуға міндеттенеді және кепілдік береді;

- Кәсіпорынның БТП басшылығы алдын алу іс-әрекеттерінің нәтижелілігін қамтамасыз ету арқылы бейтараптық тәуекелдерін тұрақты негізде талдайды және азайтады;

- Кәсіпорынның БТП БТ бағдарламасына қатысушыларға біліктілікті тексеру провайдерінің осыған ұқсас қызметтері үшін тең әділ құнға кепілдік береді;

- БТ бағдарламасына қатысушылар БТ бағдарламасының туры басталғанға дейін Кәсіпорынның БТП қызметтеріне ақы төлейді, осылайша тараптардың біліктілікті тексеру нәтижелерінен қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

- егер Кәсіпорынның БТП БТ бағдарламасының туры барысында БТ бағдарламасына қатысушылардың бір-бірімен немесе БТ бағдарламасын ұйымдастыруға тартылатын кез келген адаммен сөз байласуы туралы кез келген көздерден ақпарат алса, Кәсіпорынның БТП осы фактіні объективті тергеу үшін қажетті уақытқа біліктілікті тексеруді тоқтата тұрады;

Ескерту. Сөз байласу фактісі-берілген мәндер, алынған сынақ нәтижелері туралы ақпаратты тарату, жұмыс істеуді бағалау нәтижелері туралы деректерді және біліктілікті тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыру нәтижелері туралы есептің егжей-тегжейін оны шығарғанға дейін ашу және т. б. болып табылады.

- сөз байласу фактісі расталған кезде кінәлі адамдар БТ бағдарламасына қатысудан 3 жылға дейінгі кезеңге шеттетіледі;

- егер сөз байласу туралы ақпарат біліктілікті тексеру бағдарламасы және оған қоса берілетін құжаттар бойынша зертханааралық салыстыру нәтижелері бойынша есеп шығарылғаннан кейін алынып, расталса, нәтижелер жойылады, кінәлі тұлғалар 3 жылға дейінгі кезеңге БТ бағдарламаларына одан әрі қатысудан шеттетіледі, ал Кәсіпорын бұл туралы «Ұлттық аккредиттеу орталығы» РМК-ге хабарлайды.

Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы осы бейтараптық саясатымен және Кәсіпорынның БТП сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құрайтын бекітілген саясаттар мен рәсімдермен танысқан және жұмыста басшылыққа алады.

Құжаттың соңы